

Елек негізгі орта мектебі мемлекеттік мекемесі
«Балалар және театр» жобасы бойынша жылдық есебі
2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылында «Балалар және» театр жобасы іске асырылды. «Елек сахнасы» атты клубының жыл басында жұмыс жоспары бекітіліп, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектебімізде «Театр-балалар көзімен» атты эссе байқауы өткізілді. Бұл эссе байқауының мақсаты театрланған өнерді қолдану арқылы, балалардың эмоциясын, қабілетін дамыту, кейіпкерлердің эмоциялық күйін көрсете білуге үйрету, бірігіп әрекет жасау, көркем - сөздік қызметін ертегінің мысалында шығармашылық қалыптастыруды жалғастыру. Театр қызметіне қызығушылықтарын, ой - қабілеттерін, есте сақтау, қиялдарын және сөздерін дамыту. Эссе байқауы өз деңгейінде өткізілді. Оқушылар театр жұмысын және ондағы қойылатын спектакльдерді, ойнайтын актерларды сипаттап, өз көзқарастарын жеткізді. Ойы ұшқыр, тілі жүйрік оқушыларымыз «Театр. Сахна» деп аталатын ұлы өнердің ұлылығын ерекше жеткізе білген.

Сонымен қатар, мектебімізде «балалар және театр» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Ертегілер әлемі» атты ертегілер қойылымдары өткізілді. Ертегі қойылымына мектебіміздің 1-9 класс оқушылары белсене қатысты. Жан-жақты дамыған, көз ашық, көкірегі ояу оқушыларымыз сахналық қойылымдарын жоғары деңгейде алып шықты. Шарамызда «Жеті лақ», «Бауырсақ», «Маша и Медведь», «Калабок», «Буратино», «Жыл 12 ай» қойылымдары көрсетілді. Барлық сыныптар жоғары дәрежеде өз өнерлерін көрсетті. Шара соңында мектеп директоры Д.Д.Ибрашева «Үздік актёрлар» мен «Үздік қойылымды» марапаттады. Сонымен қатар, жұмыс жоспарымызға сәйкес мектебімізде «Театр әлемі» көрген немесе қатысқан спектакльдері туралы пікірлер мен шығармалар, газеттерге, мектеп сайттарына мақала жариялау бойынша жоғары сынып оқушыларына дөңгелек үстел және бастауыш сынып оқушыларына мақала жазу бойынша жұмыс жүргізілді. Аталған шараға 2-9 класс оқушылары қатыстырылды. Бұл дөңгелек үстелде оқушылар өздерінің көрген немесе қатысқан спектакльдері туралы пікірлерін, өткір ойларын, алған әсерлерін ортаға салды. Театр өнерінің ерекшелігін, актёрлар мен актрисаларының ойнау шеберліктерін тілге тиек етті. Оқушылар өздерінің көрген қойылымы «Ромео мен Джулетта» шығармасының театр сахнасындағы қойылымы мен оқыған шығармасын салыстыра суреттеп, театр сахнасындағы қойылымнан ерекше әсер алғанын, көзбен көрген мүлдем бөлек болатынын жеткізді.

Театр атты үлкен өнердің өмірімен танысу мақсатында мектебімізде «Театр мамандықтарымен танысу» танымдық шарасы өткізілді. Шараға мектебіміздің 1-9 класс оқушылары қатысты. Театрға онлайн саяхат жасау арқылы оқушыларды театрдағы мамандықтармен таныстырдық. Қиыны мен қызығы қатар жүретін театр актерларының сахнада өзін-өзі ұстауы, сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы барлық жағынан оқушыларға толықтай көрсетіліп, таныстырылды. «Театр» деп аталатын өнердің ішіндегі өресі биік, тағлымы мол ұлы жобаға оқушыларымыздың қызығушылығы ерекше болды.

Оқушыларымыздың театрға, сахналық қойылымдарға деген ерекше қызығушылығының арқасында, мектебімізде үздіксіз жұмыстар жүргізілді. Жұмыс жоспарына сәйкес «Театр қойылымынан үзінді» кез келген қойылымға пародия ретінде челлендж түсіру байқауы өткізілді. Аталған байқауға мектебіміздің 1-9 класс оқушылары қатысты. Байқауға «Ай мен Күн», «Үш торғайдың әңгімесі», «Қу түлкі мен қасқыр» т.б. ертегілері сахналанды. Осы байқауға барлық мектеп оқушылары белсенді түрде ат салысты. Жан-жақты ізденудің, талпынудың нәтижесінде қойылымдар жоғары деңгейде қойылды. Үздік ертегі қойылымдары марапатталды. Оқушыларды ынталандыру мақсатында сыйлықтар табысталды.

Жыл бойына барлық мектеп оқушылары бұл жобаға бір адамдай ат салысып, өз өнерлерін көрсетіп, жаңа қырларынан таныла бастады. Осыған орай, мектебімізде «Балалар және театр»

жобасы аясында ұйымдастырылған барлық іс-шаралар барысында белсенділік танытып, ерекше көзге түскен оқушыларды марапаттау рәсімі өткізілді. Мектебіміздің 1-9 класс оқушыларын мектебіміздің директоры Д.Д.Ибрашева алдағы күндеріне сәттілік тілей отырып, алдағы уақытта да жоғары дәрежеде өздерін көрсететіндеріне сенім білдіріп, оқушыларды марапаттады.



Мектеп директоры Д.Д.Ибрашева

Орындаған: ДТІЖО Досмуханова Д.Н.

